

Тарихи анықтама

Жымпиты ауылы

№ 150

жеке тектік қоры

20 шілде 2003 ж.

Латиев Сары Сарғожаұлы 1923 жылы 1 қаңтарда Жырақұдық ауылында Қособа селолық Советінде Жымпиты ауданы Батыс Қазақстан облысында дүниеге келген.

Әкесі Сарғожин Лати, анасы Сарғожина Разия – Жымпиты ауданында туғандар. (Негізі: қор-17, тізімдеме-1ж)

1940 жылы Жымпиты орта мектебін бітірді. 1940-1943 жылдары ауданаралық колхоз-совхоз театрында актер, әскери комиссариаттың құпия бөлімінде жұмыс істеді.

1943 жылы майданға аттанып, 1945 жылы 19 желтоқсанда жеңіспен елге оралды.

1945-1947 жылдары әртүрлі жұмыс істесе, 1947-1950 жылдары облгосстрахта, одан кейін 1955 жылға дейін Тайпақ ауданының Есенсай совхозында көмекші бухгалтер болып еңбек етеді.

1955 жылы өзі туып өскен Жымпиты ауданына оралып аудандық денсаулық бөлімінде бухгалтер, 1957 жылы ауданда райпотребсоюз ашылып, оған аға ревизор болып орналасады. Осы қызметті 1984 жылға дейін зейнеткерлікке шыққанға дейін мінсіз атқарады. (Негізі: Қ-30, тізімдеме-1ж).

Ордендері, медальдары:

«Отан соғысы» ордені – 1985 ж.

Кеңес одағының маршалы 1996 ж.

Г.К.Жуков медалі және т.б. медальдармен, құрмет диплом грамоталарымен марапатталған.

Бүкілодақтық фестивальдың күйшілері байқауында алтын медальдың (1957ж.), «Советтік тұтынушылар кооперациясының үздігі» (1982 ж.) белгісінің иегері.

3 ұлды ұяға, 2 қызды қияға қондырған Сары Латиев зейнеткерлікте, жұбайы Кермақаспен қариялық мәнді ғұмыр кешуде.

Мемлекеттік мұрағаттың Сырым филиалының бастығы:

Eloly

Ғ.Рамазанов.